

№3 Мәртөк жалпы орта білім беретін мектебі

Бұйрық

Мәртөк с.

№ 263

05. 05. 2025 ж.

2024-2025 оқу жылының аяқталуы, сынып сағаттарын және 11 сынып түлектері үшін салтанатты іс-шараны өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2025 жылдың 2 мамырындағы № 3-05-4/3121-И хаты негізінде

БҰЙЫРАМЫН

1. 2024-2025 оқу жылы мектепте 23 мамырда аяқталсын.
2. 2025 жылдың 23 мамыры күні барлық сыныптарда «Білімім – Отаныма!» атты сынып сағаттары өткізілсін.
3. 2025 жылдың 12-20 мамыр аралығында «Адал азамат» біртұтас тәрбие шеңберінде 1-4 сыныптарда «Таза Қазақстан», 5-9 сыныптарда «Заң және тәртіп», 10-11 сыныптарда «Адал азамат» тақырыптарында эссе байқауы ұйымдастырылып, қорытындысы 23 мамыр күні өтетін «Білімім – Отаныма!» атты сынып сағатында шығарылып, үздік жұмыстарды оқу және авторларын марапаттау ұйымдастырылсын.
4. 11 сынып түлектері үшін 2025 жылдың 23 мамыр күні сағат 11⁰⁰-де салтанатты жиын өткізілсін.
5. Негізгі және орта білім туралы аттестатты тапсыру салтанаты мектепте 18-20 маусым аралығында ұйымдастырылсын.
6. Педагогикалық этиканы сақтау және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында:
 - ата-аналардан қаражат жинауға,
 - аниматорлар, агенттіктер мен жеке студияларды тартуға,
 - көлік жалдап, шерулер ұйымдастыруға,
 - мектепке дейін білім беру ұйымдарының түлектері мен 4-сынып оқушылары үшін салтанатты шаралар өткізуге жол берілмейді.Сонымен қатар, мектеп әкімшілігі мен мұғалімдерге сыйлықтар алу үшін қаражат жинауға қатаң тыйым салынады.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау мектеп директорының оқу ісі және тәрбие жұмысы бойынша орынбасарлары А. Жаксыгаринаға, Г. Иманалинаға, Ж. Жакупова және Қ. Зайнулловаға жүктелсін.

7. Бұйрықпен мектептегі барлық сынып жетекшілері мен пән мұғалімдері таныстырылсын.

Мектеп директоры



Жамаладинов М. Ш.

Бұйрықпен таныстым

 Ж. Жакупова
 Қ. Зайнуллова
 А. Жаксыгарина
 Г. Иманалина